

Esil-Nura

Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, жарнамалық басылым

2025 жыл 20 қараша бейсенбі № 45 (446)



ЖҰМЫСШЫ — МЕРЕЙЛІ МАМАНДЫҚ



Ағымдағы жылдың 18-қарашасында Жаңаесіл ауылындағы Өндірістік технологиялар және сервис колледжінің акт залында «Адал еңбек – адал табыс» тақырыбында аудандық жұмысшы жастар форумы өтті.

Іс-шараның ұйымдастырушылары – «AMANAT» партиясы мен аудандық Жастар ресурстық орталығы. Аталған шара қоғам мен мемлекеттік-қоғамдық институттардың жастарды қолдауға, олардың дамуына жағдай жасауға және жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға ерекше көңіл бөлетінін айқын көрсетті. Форум Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған 2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылы аясында ұйымдастырылды.

Іс-шара ашық диалог пен еркін пікір алмасу форматында өтті. Қатысушыларға ресми баяндамалар емес, мамандық таңдау, мотивация, мансаптық өсу жолдары және адал еңбектің құндылығы жайлы шынайы әрі мазмұнды әңгіме ұсынылды. Форумда Целиноград ауданының әкімі Сабырғали Дарын Сабырғалиұлы, «Арыстан» шаруа қожалығының директоры Теміров Қанат Ғалымжанұлы және «Новошиимка-АЭ» ЖШС-нің директоры Молдағалиев Думан Марсұлы сөз сөйледі. Олар өздерінің еңбек жолын мысалға ала отырып, табандылықтың, жауапкершіліктің, мамандығына деген сүйіспеншіліктің кәсіби табыстың негізі екенін атап өтті.

Ауданның студенттері мен жастары форумға ерекше белсенділікпен қатысты. Олар жұмысшы мамандықтарының болашағы, сұранысқа ие дағдылар, кәсіби дамудың мүмкіндіктері туралы көптеген сұрақтар қойды. Спикерлер болашақ маманға ең бастысы – білім алуға деген құштарлық пен өзгермелі еңбек нарығына бейімделе білу қажет екенін атап көрсетті.

Форум бағдарламасының маңызды бөлігінің бірі – колледждің ең үздік оқытушыларын марапаттау болды.

Болашақ мамандарды тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосып жүрген педагогтар – Өтениязова Тұрғангүл

Жұманазарқызы, Смағұлова Айман Максұтқызы, Қайкин Әлімжан Барақұлы, Арзымбетова Динара Жайыққызы және Канафина Айнух Хамитқызы аудан әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды. Олар кәсіби біліктілігімен ғана емес, жастарға деген қамқорлығы және өз ісіне деген адалдығымен де ерекше құрметке ие.

Ресми бөлімнен кейін қатысушылар интерактивті шеберханаларға қатысып, кондитерлік өнер, жеңіл автомобиль диагностикасы, бухгалтерлік есеп және дәнекерлеу негіздері бойынша тәжірибелік дағдыларды меңгерді. Бұл шеберлік сабақтары жастарға жұмысшы мамандықтарының қаншалықты маңызды, көпқырлы және заман талабына сай екенін нақты тәжірибе арқылы түсінуге мүмкіндік берді.

Форум дәстүрлі түрде естелік суретке түсумен аяқталды. Бұл сурет – бірліктің, дамуға деген құлшыныстың және болашаққа деген зор сенімнің айғағы.

Осындай форумдардың маңызы өте зор деп есептеймін. Себебі бүгінгі жастарға бағыт-бағдар беру, оларды ынталандыру, еңбекке құрметпен қарауды үйрету – қоғам дамуының негізгі шарттарының бірі.

«Адал еңбек – адал табыс» форумы тек тәжірибе алмасу алаңы ғана емес, болашақ мамандардың жүрегіне жігер, сенім және мотивация сыйлаған рухани шараға айналды. Жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы мемлекетіміз еңбек адамының қадірін арттырып, елдің экономикалық және әлеуметтік әлеуетін нығайтуға қадам жасап жатыр.

Қорыта келгенде - бұл жай ғана кездесу емес, жастарға арналған үлкен мүмкіндік, жаңа бастамаларға жол ашатын маңызды платформа деп айтуға болады. Бұл бастама болашақта да жалғасын тауып, еңбекқор, ынталы, білімді жас мамандардың көбеюіне ықпал етеді деген сенімдеміз

**Әлия ХАСЕНОВА,
ЖРО-ның маманы.**

Ақмол.



АЗАМАТТАРДЫ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІ БОЙЫНША ТІРКЕУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

2025 жылғы 24 қарашадан бастап азаматтарды тұрғылықты жері бойынша тіркеу рәсіміне енгізілген өзгерістер күшіне енеді. Қызмет тек онлайн форматта – eGov.kz электрондық үкімет порталы немесе eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы көрсетіледі.

Тұрғылықты жері бойынша онлайн-тіркеуден өту үшін пайдаланушыға электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) және оның жеке кабинетіне тіркелген телефон нөмірі (МАН) қажет. Процедура толық автоматтандырылған және онлайн түрде жүзеге асырылады, бұл қызмет алу уақытын айтарлықтай қысқартады. Сондай-ақ азаматтар бұл қызметті Халыққа қызмет көрсету орталықтарының өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарында онлайн рәсімдей алады.

Қызмет келесі санаттағы азаматтарға көрсетіледі:

- * Қазақстан Республикасының азаматтарына, оның ішінде тұрғын үй иелеріне;
- * сот шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі болып танылған 18 жастан асқан азаматтардың қорғаншылары мен заңды өкілдеріне;
- * 14-16 жас аралығындағы балалардың ата-аналары-на немесе заңды өкілдеріне.

14 жасқа дейінгі балалар жеке тіркеуге тұрмайды. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 16-бабына сәйкес, он төрт жасқа толмаған баланың тұрғылықты жері оның ата-анасының немесе заңды өкілдерінің тұрғылықты жері болып табылады.

14 пен 16 жас аралығындағы балаларды ата-аналары немесе заңды өкілдері тіркейді. Сот шешімімен әрекетке қабілетсіз деп танылған 18 жастан асқан азаматтарды да олардың қорғаншылары eGov.kz порталы арқылы жаңа мекенжайға тіркей алады.

Мемлекеттік жалдамалы тұрғын үйде тұратын азаматтарға қатысты да жаңартулар енгізілді. Енді мұндай үйдің жалға алушысы шартта көрсетілген тұлғаларды тұрғылықты жері бойынша тіркей алады. Егер өтініш беруші жалдау шартындағы тізімде болмаса, жүйе өтінішті автоматты түрде қайтарады.

Мемлекеттік жалдамалы тұрғын үйге тіркеу бойынша сұрақтар туындаған жағдайда, тұрғын үй орналасқан жердегі жергілікті атқарушы органға жүгінген жөн.

Маңызды: Егер өтініш беруші өзіне тиесілі емес мекенжайға тіркелуге өтініш берсе, жүйе үй иесіне 1414 нөмірінен SMS-код жібереді. Тұрғын үйдің иесі хабарлама алынған сәттен бастап бір сағат ішінде келісімін растауы қажет.

eGov.kz порталы арқылы қызметті қалай алуға болады:

1. Порталда авторизациядан өтіңіз және мына бөлімге кіріңіз:
2. Азаматтарға → Азаматтық, миграция және иммиграция → Тұрғылықты жері бойынша тіркеу.
3. «Онлайн сұрау» батырмасын басыңыз.
4. Электрондық өтінімді толтырып, ЭЦҚ немесе бір реттік SMS-код арқылы қол қойыңыз.
5. Қызмет нәтижесін жеке кабинеттен көруге болады. Өтінімнің өңделу мәртебесі «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде көрсетіледі.

eGov Mobile арқылы тіркеуден өту тәртібі:

1. eGov Mobile қосымшасына кіріп, «Мемлекеттік қызметтер» бөліміне өтіңіз.
2. «Жылжымайтын мүлік және ТКШ» бөлімінен «Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу» қызметін таңдаңыз.
3. Қажетті деректерді енгізіп, тіркеу себебін көрсетіңіз.
4. Қызметке қол қоюдың қолжетімді тәсілдерінің бірін пайдаланыңыз.
5. Өтінім мәртебесін «Хабарламалар» → «Жеке кабинет тарихы» бөлімінен тексеруге болады.

Ерекше жағдай: меншік иелері немесе үлескерлері кәметке толмаған балалар, сондай-ақ сот шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адамдар болып табылатын тұрғын үй мекенжайы бойынша тіркеу тек офлайн – Халыққа қызмет көрсету орталықтарында жүргізіледі.

Онлайн форматқа көшу оң статистикамен расталып отыр. 2025 жылдың басынан бері Қазақстанда тұрғылықты жері бойынша онлайн-тіркеу қызметін шамамен 750 мың адам пайдаланды, бұл көрсетілетін қызметтердің жалпы санының 70 пайыздан астамын құрайды.

ҚР Электрондық үкіметі.

■ Ауыл – Ел бесігі

АЖАРЫ МЕН БАЗАРЫ КЕЛІСКЕН

Қоянды – елордаға іргелес Целиноград ауданының құрамына кіретін ірі елді мекеннің бірі



Астанада 16, ал Елорда аумағынан 2 шақырым жерде орналасқан ауыл жері құнарлы, талды-тоғайлы болғандықтан аңдар көп болған, әсіресе, қоянның көптігінен «Қоянды» деп аталған деген де деректер бар.

Екінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңындағы сталиндік репрессияның зұлматынан көптеген адамдар «Халық жауы» деген жаламен қазақ даласына жер аударылып, Қояндыдағы жертөлелерге орналастырылған. Сол жылдары ауыл тұрғындарын арнайы коммендатура өз бақылауында ұстаған.

1945 жылы Қоянды ауылының іргесі қаланып, ауыл еңбекшілері еліміздің соғыстан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіру жылдарында өнегелі еңбектің үлгісін көрсеткен.

1960 жылдан бастап мал бордақылау кеңшары болып аталады. Сол кезде 20 үй, ірі сүт фермасы болған. «Көктал» шаруашылығының (бұрынғы Киров атындағы) Қояндыдағы 2 бөлімшесі қала жұртшылығын сүт-ет өнімдерімен қамтамасыз еткен.

1962 жылы Қоянды ауылын Ұлы Отан соғысының ардагері Мұхаммедрахым Жүнісов басқарды. Сол жылдары ауыл көркейе бастады. Тұрғындардың саны өсті, жаңа үйлер тұрғызылды, жас мамандарға баппана берілді. Малдың саны да өсті, 70 жылдары ірі қара малдың саны 7 мыңнан асты, 90-нан аса жылқы болды.

Ауылды көркейтуге соғыс және еңбек ардагерлері Рамазанов Рахым, Қасымов Ноғай, Болсамбекова Назия, Бимағамбетов Апас, Бекмағамбетов Серік, Карнаков Петр, механизаторлар Тұраров Амангелді, Иван Зачка, Сүлейменов Айтбай, Болатов Тұрсын, Болсамбеков Әбдірашит, Жүнісов Кенес, Айтбеков Құрманғали, Қасымбеков Қанапия, Анна Ларькова, Артышев Боранбай, Дүйсекеев Әбікен, сауыншылардан Социалистік Еңбек Ері Есенжолова Сағила, Сейітқалиева Гүлжан, Баубекова Савия, Ғалиакбарова Гүлшат, Гадельшина Рамзия, Лұқманова Ғайнисурур, ұстаздардан Мұхамедшәріпова Бақыт Қапашқызы, Қалиева Сәуле Игенбайқызы, Галай

Людмила Теодоровналардың еңбегі орасан зор болды.

Осы тұлғалардың ішінде соғыс және еңбек ардагерлері Мұхаммедрахым Жүнісов пен Рахым Рамазановтардың атына 2006 жылдың сәуір айында көше атаулары берілді.

Қоянды ауылының тарихында еселі еңбегімен, қырағылығымен халықтың қауіпсіздігі мен тыныштығына үлес қосқан ҚР ІІМ генерал майоры Өмірзақ Қоспанұлы Болсамбековтің үлесі ерекше. 1939 жылы қарапайым жұмысшы отбасында дүниеге келген Өмірзақ әскери міндетін өтеп, 1958 жылы КСРО ІІМнің Омбы арнайы орта мектебін бітіріп, қылмыстық істерді іздестіру бөліміне жұмысқа орналасады. 1966 жылы КСРО ІІМнің Мәскеу Жоғары Мектебін бітіреді. Антына адал тәртіп сақшысы милиция бөлімінде тергеушілік қызметтен ҚР ІІМ де Штаб бастығына дейінгі даңқты еңбек жолынан өтті. Кейін Ақмола облыстық атқару комитеті Ішкі Істер Басқармасының бастығы болды. Зейнеткер, тәртіп сақшысы, генерал майор өз ауылын әсте естен шығарған жоқ. Ауыл халқының мақтанышы, жастардың үлгі етер тұлғасы.

Қоянды ауылы 2006 жылға дейін Талапкер ауылдық округінің құрамында болды.

Халық санының өсуіне байланысты өз алдына 2007 жылы 7 мамыр күні Қоянды ауылдық округі болып құрылды. Оның құрамына Аққайың (бұрынғы Малотимовская), Шұбар ауылдары кірді. Сол жылдары негізгі мектеп (мектеп директоры Гауһар Қанапияқызы Рамазанова), шағын дүкендер, Су тазартатын блок, екі жиһаз цехы, «Қоянды» ЖШС халыққа қызмет етті. Астана - Қоянды 38 автобус маршруты қалаға қатынап тұрды.

Қазіргі күнде Қоянды ауылы халқының саны күрт өсуде. Орта білім беретін 3 мектепте алты мыңға тарта оқушы білім алуда. Екі мемлекеттік балабақшада жүздеген бүлдіршіндер тәрбиеленуде. Сонымен қатар, 10-нан астам жекеменшік балабақшалар бар. Ауылымызда орта және шағын бизнес күннен



күнге дамып келеді, 160-тан астам жеке кәсіпкерлік тіркелген. Кәсіпкерлеріміз де ауылдың дамуына өзі үлестерін қосуда.

Бірнеше спорт және өнер мектептерінде елімізге белгілі әлем чемпиондары, халықаралық, Республикалық өнер сайыстарының майталмандары ауылдың данкын асқақтатуда. 76 жастағы хореограф ЕРСІН ЖҮСІПОВ дайындаған өнерпаз жастар біздің мақтанышымыз. Республикамызға еңбегі сіңген жаттықтырушы Нұрлан Мәуленұлы баптаған спорт қырандары Әлем чемпиондары атануда.

Жақында ғана БАӘ Бахрейн қаласында өткен жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында Қоянды 1-орта мектебінің 10 сынып оқушысы Санжар Қартай (директоры Меруерт Савильхан) қоян - қолтық күрестен Азия чемпионы атанып, алтын медальмен оралды.

Қоянды ауылында «ARTSCHOOL» өнер орталығын басқаратын Райгүл Дүйсенбинованың өнерлі жастары қаншама халықаралық өнер додаларынан ГРАН ПРИ алып келді.

Ауылдың Мәдениет үйінің директоры Айнагүл Хархұқызы бастаған өнерлі ұжым да ауыл халқына әртүрлі мерекелік мәдени шаралар өткізіп, жұртшылықтың алғысына бөленуде. Хатпа Серікгүл, Ләлә Сламбек, Бақшагүл Байдолда, Халық Майнұр, Серғазы Бұлбұлхан, Расхан Өмірхан сияқты ән өнерімен, қолөнермен ауылымыздың құрметіне бөленуде. Қоянды ауылының келбеті Жаңа Қазақстан келбетіне лайықты жаңаруда.

Биылғы жылы Орталық көшемізде төрт көлік қатар жүретін асфальт жол салынып, жарықтандырылуда. Ауылдың ішкі көшелерінде де асфальт төселіп, жаяу жүргіншілер жолы салынуда. Қоғамдастық пен жұмыс тобының мүшелері де ауылдың экономикалық-әлеуметтік дамуы үшін игі жұмыстар атқарып жатыр.

Ардагерлер, Аналар, Ақсақалдар Кеңестері де ауылда ұлттық құндылықтарды насихаттауда өзі үлестерін қосуда. Ауылдың қадірменді ардагерлері Қабылда Закаряннов, Телеухан Омаров, Ысқақов Бекмұрат баталы қарияларымыз Баянбай Мәлік, Дәкей Қабыраш, Мешел Дакис, Бейсенғали Көпбай, Хауан Хайролла сияқты ел ағалары жарқын жұмыстарымен өнеге болуда.

Қоянды ауылы Аналар Кеңесі (төрайымы Абдирасилова Дина Жүнісқызы) Республикалық Қайырымдылық Керуенінің Асар номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. Ауыл Аналарының өнегелі жұмыстарын елімізге паш етті. Қайырымдылық Керуенінің Құрмет Грамотасымен, ақшалай және заттай сыйлықтармен марапатталды. Қоянды ауылының Ардагерлер Кеңесі өз ардагерлерін мақтан етеді, олардың еңбек жолдарын, ізгілікті істерін әрқашан насихаттайды.

Ауыл халқы Таза Қазақстан акциясы бойынша ауыл көшелерін таза ұстауға атсалысуда. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауын жүзеге асыруда ауыл еңбеккерлері аянбай тер төгуде.

Дина ӘБДІРӘСІЛОВА,
ауылдық ардагерлер Кеңесінің төрайымы,
тарихшы.

Қоянды.





ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ҮРҚИЯ МҰСТАФИНАҒА "МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ АРДАҒЕРІ" ТӨСБЕЛГІСІ ТАБЫСТАЛДЫ

Ұлттық мереке – Республика күніне арналған салтанатты іс-шара аясында Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов Үрқия Хамитқызы Мұстафинаға «Мемлекеттік қызмет ардагері» төсбелгісін табыс етті.

Бұл жоғары марапат - оның ұзақ жылғы адал еңбегі, биік кәсіби шеберлігі мен мемлекеттік қызметке адалдығының айқын әрі салмақты бағасы.

Үрқия Хамитқызы Мұстафина өзінің еңбек жолын 1984 жылы Қорғалжын аудандық ауылшаруашылық техникасы қоймасының жұмысшысы болып бастаған. 2001 жылдан бүгінгі күнге дейін Ерейментау ауданының экономика және қаржы бөлімінде қызмет атқарып келеді. Қызметтік жолында Үрқия Хамитқызы өзін тәртіпті де жауапты, кәсіби біліктілігі жоғары маман ретінде танытып, терең білім мен мол тәжірибесін айқын көрсетті.

Оның еңбегі жоғары жауапкершілікке негізделіп, шешім қабылдаудағы шапшаңдығы мен ұқыптылығы арқылы ерекшеленеді. Бұл қасиеттер ұжымның бірлескен жұмысының нәтижелілігін арттыруға елеулі үлес қосуда. Өз ісіне деген адалдығы мен кәсібилігінің арқасында ол әріптестерінің де, аудан тұрғындарының да шынайы құрметіне бөленіп отыр.

«Мемлекеттік қызмет ардагері» төсбелгісі – ел дамуына және оның институттарын нығайтуға ұзақ жылдар бойы елеулі үлес қосқан қызметкерлерге көрсетілетін құрметтің ерекше белгісі.

Шын жүректен Үрқия Хамитқызы Мұстафинаны лайықты марапатымен құттықтап, Отан игілігі жолындағы қызметінде толағай табыстар тілейміз.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің ақпараты.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДА 15 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕДЕН АСТАМ СОМАҒА КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛДЫ

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі – кәсіпкерлік бастама мен инвестициялық ахуалдың жақсаруына жағдай жасаудың маңызды факторларының бірі.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті 2025 жылдың 3 тоқсанында бірқатар кәсіпкерлердің құқықтарын қорғады.

Мысалы, Департаменттің ұсынулары мен шағымдар бойынша шешімдерінің негізінде әкімдіктер мен 4 шаруа қожалығы арасында жалпы алаңы 32000 гектар ауыл шаруашылығына арналған жер учаскелеріне жалдау мерзімі ұзартылды.

Бұл шаралар кәсіпкерлерге жалдау мерзімі шегінде 10 миллиард теңгеден астам табыс алып, ауылдық елді мекендерде 15-тен артық жұмыс орындарын сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан байқау аясында қабылданған шаралар арқылы бұған дейін мемлекеттік қызмет көрсетуден нормативтік құқықтық актілердегі қарама-қайшылықтарға байланысты бас тартылған инвесторға құны 5 миллиард теңгеден

асатын жобаны іске асыруға бөтелкедегі ауыз су өндіретін зауыт салу үшін жер учаскесі берілді.

Тексеру нәтижесінде «Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау» қызметін алу тәртібінде 178 шаруаның өтінімдері 418 миллион теңге субсидия алу үшін резервке қойылды.

Осыған дейін аталған қызмет алушылар белгіленген мерзімдерден кеш қызмет көрсетуден бас тартуларға тап болып, соның кесірінен субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы өтінімдерін қайта тапсыру мүмкіндігінен айырылған.

ЖҰМЫС УАҚЫТЫ РЕЖИМІН САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАШЫҚТАН ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘРТІБІН ҚОЛДАНУ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ЖАСАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті әдеп жөніндегі уәкілдер мен персоналды басқару қызметтерінің (кадр қызметтерінің) өкілдеріне арналған семинар өткізді. Іс-шара барысында жұмыс уақыты режимінің сақталуын қадағалау нәтижелері, сондай-ақ қашықтан жұмыс істеу, аралас қашықтан жұмыс істеу және икемді жұмыс уақыты режимін қолдану тәжірибелері талқыланды.

Бақылау және қол жеткізуді басқару жүйесінің деректері бойынша 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 154 мемлекеттік қызметші үстеме жұмысқа тартылды. Олардың үстеме жұмысының жиынтық ұзақтығы 283 сағат 37 минутты құрады. Алайда, қызметшілерге тиісті өтемақы, демалыс күндері немесе сағаттары берілмеген. Департаменттің араласуынан кейін қызметшілердің құқықтары қалпына келтірілді, мемлекеттік органдар тарапынан демалыс беру туралы тиісті актілер қабылданды.

Мемлекеттік органдар ұсынған ақпаратқа сәйкес, облыс аумағында қызмет атқаратын 28 қызметшіге икемді жұмыс уақыты режимі белгіленген. Оның ішінде 8 қызметші жергілікті атқарушы органдарда, ал 20 қызметші орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінде қызмет етеді.

Демалыс және мереке күндері 212 мемлекеттік қызметші қызметтік міндеттерін орындауға тартылды, олардың қатарында 80 жергілікті атқарушы органдардың және 132 орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері бар. Еңбек заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында 88 қызметшіге тиісті ақшалай өтемақы төленіп, 124 қызметшіге демалыс күндері берілді.

Мемлекеттік органдарға бару арқылы жұмыс уақыты режимінің сақталуына мониторинг жүргізу аясында алты мемлекеттік орган қамтылды. Жүргізілген тексерулердің нәтижесінде 21 бұзушылық анықталып, белгіленген тәртіппен 6 акт жасалды.

Мемлекеттік қызмет саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және мемлекеттік қызметшілердің құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету шеңберінде семинар қатысушыларының назары қолданыстағы заңнама нормалары мен талаптарын бұлжытпай сақтау қажеттілігіне ерекше аударылды.

Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының ақпараты.



2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін жаңа Салық кодексінде мүлікке, жер учаскелері мен экологиялық төлемдерге салық салуда бірқатар өзгерістер енгізілген.

ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІ ШЕҢБЕРІНДЕ ЖЕРГІЛІКТІ САЛЫҚТАР МЕН БЮДЖЕТТІК ТӨЛЕМДЕРГЕ ЕНГІЗІЛГЕН НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ

Көлік құралдары салығы

Жеңіл автокөліктерге көлік құралдары салығын есептеу кезінде азайту коэффициенттері енгізіледі:

- 0,7 – пайдалану мерзімі 10 жылдан 20 жылға дейінгі автокөліктер үшін;

- 0,5 – 20 жылдан асқан автомобильдер үшін.

Азайту коэффициенттерін ескере отырып, 2026 жыл үшін салық сомасы 2027 жылы есептелетін болады.

Қозғалтқышының көлемі 3000 текше сантиметрден асатын, Қазақстан Республикасында 2013 жылғы 31 желтоқсаннан кейін шығарылған (дайындалған немесе құрастырылған) немесе Қазақстан Республикасының аумағына 2013 жылғы 31 желтоқсаннан кейін әкелінген жеңіл автомобильдер үшін тарифтер алынып тасталды.

Шаруа қожалықтары басқа жеңілдіктерден басқа, бір шаруа немесе фермер қожалығы үшін жүк тұғыры және жүк салонынан қатты стационарлық қалқамен (автокөлікпен) бөлінген жүргізуші кабинасы бар жеңілдетілген бір автокөлікке көлік құралы салығын төлеуден босатылады.

Көлік құралының түріне қарай (пикаптар, джиптер, лимузиндер, фургондар) көлік құралдарын санаттарын жіктеу туралы ереже алынып тасталды. Көлік құралдары санаттарын анықтау нақтыланды, енді жіктеу (пикаптар, джиптер, лимузиндер, фургондар) шанақ түріне емес, көлік құралын тіркеу куәлігінде көрсетілген көлік құралын басқару құқығының санатына (A.B.C.D) қарай анықталады.

Салық есептілігі нысандарының санын қысқарту

Көлік құралдары салығы және жер салығы (салық есептілігі) бойынша ағымдағы төлемдерді ұсыну талабы алынып тасталды. 2026 жылдан бастап салық төлеушілер тек жылдық декларация тапсырып, сәйкесінше жыл соңында бір реттік төлем жасауы керек.

Жылдық салық сомасы 1,0 миллион теңгеден аспаса, ағымдағы мүлік салығы бойынша төлем есебін ұсыну талабы да алынып тасталады. Егер сома 1,0 миллион теңгеден аз болса, салық төлеуші жер салығы мен көлік салығы сияқты жыл соңында декларация тапсырып, төлемдерді жүзеге асыруы керек.

■ **Табиғат — біздің ортақ үйіміз**

АЙМАҚ КӨРКІ — ЖАСЫЛ ОРМАН

Қыс мезгілінде Жер ана ақ көрпесін жамылғанда, кей адамдар экологияға зиян келтіретін заңсыз әрекеттерге баратыны шындық. Соның бірі – «Жасыл аймақ» белдеуіндегі ағаштарды заңсыз отау.

Бұл-қоршаған ортаны қорғау заңдарын өрескел бұзу болып табылады және еліміздің экологиялық қауіпсіздігіне төнген басты қатерлердің бірі екендігін естен шығармауымыз керек. Себебі, қыс кезінде орманшылардың бақылауы азаяды, ал кесілген ағашты отын ретінде пайдалану немесе сату мақсатында кей азаматтар заңды елемейді.

Мұндай заңсыз әрекеттердің салдары өте ауыр. Себебі, орманның экожүйесі бұзылады, топырақ эрозиясы артады, ондағы құстар мен жануарлардың табиғи мекені жойылады. Соңғы кездері қыс кезінде заңсыз ағаш кесу фактілері көбейіп барады. Бұл әрекет тек табиғатқа емес, қоғамға да үлкен қауіп төндіріп отыр.

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің дерегінше, әрбір заңсыз кесілген ағаш үшін айыппұл көлемі 50 айлық есептік көрсеткіштен бастап есептеледі, ал көп мөлшерде зиян келтірілген жағдайда азаматтар қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Орман ағаштарын заңсыз кесуде орман шаруашылығы мен экологиялық полиция бөлімдері бірігіп, рейдтік және профилактикалық шаралар жүргізуде. Бұл – табиғатқа тигізер залалдың алдын алу мақсатындағы жұмыстар екендігін ұмытпауымыз абзал.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы табиғатты қорғауды басты парызымыз санауы керек. Бір түп ағаш отырғызу – болашаққа жасалған игі іс екендігін жадымыздан шығармайық. Табиғатты қорғау – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әр азаматтың міндеті екендігін біліп жүру – сіз бен бізге үлкен жауапкершілік деп түсінеміз.

Қымбат ЕРГЕШ,
РМК «Жасыл аймақ» Астана орманшылығының орман мастері.

■ **Ұлы дала перзенттері**

ИММЕГЕН БӘЙТЕРЕК — ҚАЗАҚҚА АТЫ МӘШҮР ИМАНЖҮСІП

*«Ақ балдақ алмасымның сынығысың,
Шынардың көлеңкелі шыбығысың,
Бәйге аттай жұрттан озған заманыңда,
Арда емген арғымақтың құлынысың,
Ұшырған сұңқарымсың талай дерек,
Білмеген хабарыңда хақтан бөлек.
Сені айтсам халқым, сірә, бөтен көрмес,
Басқаны жасарспайды мақтай бермек».*

Ақын Мәнсүр Бекежановтың даңқты Иманжүсіп Құтпанұлына жазған назым-хаты осылай түйінделеді.

Қара құрым қалың қыпшақтың жеті атаға тамыр жайған шаш-тысынан тұқым өрбітер Иманжүсіп дәуірін шаш ал десе бас алар қаталдыққа толы, ерлік пен еркіндікті аңсағандарға ала бүлік болып тиген, теріс тепкен теке тірес тексіз, қиянатшыл әрекетке толы, ұртынан кара қаны төгілген большевиктердің ұрда жық кезеңі болды деп бағалауға болады.

Қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры атанған Абылай дәуірінен жалғыз тұтамдай болса да қалған бір үзік ерлік пен серілік дәстүрін қолдан шығармай дәуірлете аспанға көтерген Балуан Шолақ пен Мәди, Бадақтың Сарысы, Аманғали, Басығараның Қанапиясы Кейкі батыр шоғырындағы Иманжүсіп өзінің ғаламат тегеурінді тектілікке толы табандылығы мен қыпшақтың кайқы қылышындай қайсарлығы арқасында аңызға бергісіз айтулы тұлғаға айналды.

*«Ауылым Қараөткелді жанай қонған,
Кешегі әкем Құтпан қандай болған.*

Елімде қазы, қарта жемейтұғын,

Түрменің қара наны балдай болған», – деген Иманжүсіп еркіндіктен айырылып, пұшайман хал үстінде, сағын сындырған жан күйзелісін бүкпе бұлтартқыс білдірсе, Бадақтың Сарысы:

*«Баласы мен Бадақтың атым Сары,
Құрысын мендей болса жұрттың бәрі.*

Он екі ай қараңғы үйсе қамааңда,

Қара су, қара нанмен болды дәрі», – деген сипатта өз халінен хабар береді. Бірін бірі қайталағандай үндес үн-зарын айтады. Тап осындай жағдаят Балуан Шолақта да, Бәпиұлы Мәди де, Басығара баласы Қанапияда да бастарынан кешкен қасірет әуені болып ашу-ызаға толы ән болып айтылады. Бұлардың бәрі де отаршыл озбырлықтың тақымға түскен қылбұрауын былайғылардан тым ерте сезінді. Сол үшін де туған елін азаттық жолына салғысы келіп алас ұрды. Қаптаған қалың жауға дара шауып, көзсіз ерлікке барды. Өздерінің алапат күш, ерен ерліктеріне салып қарсыласты. Бірақ озбыр күш өз дегендерін істеп бакты, түрмеге қамады, атты, жер аударды.

«Мәдидің «абақты қатар-қатар болады екен» мәлімдеуі де «тесіктен алақандай тіл қатамын» деп күйзелуі де, Қанапияның «ала жардай қандалаға жем болдым» деуі де, «жасымнан қарсы болдым ханзадаға» деп өз мақсат мұратын білдіре алуы да өз дәуірдің күрескер ұлы перзенттерінің тағдыр бірлігін, арман-аңсар ірілігін байқатады.

Еркіндік сахарасынан кіндік үзіп кетпеген бұл күрескерлер қазақи тұрмыс-тірлікпен жағаласа, жауласа омыраулай келген жаңа қоғамды мойындамақ тұрсын танығысы келмеді. Түптің түбінде бұл жаңа қоғамның қазақ халқына опа бермесін ұғынды. Оның үстіне алаштықтармен пікірлес Иманжүсіп тәрізді күрескерлер академик Манаш Қозыбаев атап көрсеткендей «Алаш зиялыларының ықпалымен қазақ елінде бір екпінді қозғалыс болды, сол қозғалысқа қатысқан талай адамдардың есімі осы уақытқа дейін толығымен аталмайды. Сондай есімнің бірі – Иманжүсіп Құтпанұлы», Бұлардың өмірлері бодандық бұғалығын аш мойынға түсірген темір талқылы дәуір сипатының шынайы суреті, күрескер ұрпақтың ұлтан болып табанға тапталған арнамысы еді ғой.

Алапат күштің иесі Иманжүсіп «аузы түкті кәпірдің талайларын бақыртып бауыздаушы ем лақтайын» деп өзінің өрлік пен ерлікке толы жойқын тұрпатынан хабардар етсе, енді бірде – «бір түнде сегіз қызды алып қаштым» дегізер серілік салтынан сыр ақтарып, елден ерек ерке мінезімен көз алдында атой салады. Өйткені ол өзі нақтылап айтып бере алған «қыпшақтың бар қатыны ұл туса да болмайды соның бірі Иманжүсіп» қой!

Ақмоланың оязнайынғы басын жаңыртып, болыс біткенді шетінен шытырлатып сабайтын Иманжүсіп Кейкі батырдай «сары орыстың бәрі орыс» деп таңдау, талғауы жоқ орысқа жаппай күрес ашпайды. Билік тізгінін қос қолдап ұстаған ұлық атаулыға қарсы шабады.

«Жалғыз үй естек едің сен Рақымжан,

Қолыңнан сарғалап тұр қып-қызыл қан.

Ойда орыс, қырда қазақ малын жедің,

Тәкаппар, қызыл ауыз сен ант ұрған!» – деп қарсы белдесуге шыққан ұлықтың атын атап, түсін түстейді. Оның жемқор, кісі қанын мойнына жүктеген зорлықшыл, менменсіген жауымен бітіспес күреске түседі. Оның арқа тіреуінің де кімдер екендігін жазбай таниды.

«Қай атаңнан қалып ед өңкей жорған,

Оязнай, патша боп тұр саған қорған», - деген Иманжүсіп түптің түбінде ұлы күреске түсері патша мен оязнай екендігін дәп басады, ата жауының кім екендігін танырда қата бастайды. Бұл жағынан келгенде Имекенді көзі ашық, саналы күрескер, саяси тұлға деуге де әбден болады.

Сары Арканың сайын даласын еркін аралаған Иманжүсіптің бойында кесекті ердің сойына біткен батырлық пен батылдық әу бастан менмұңдалап тұрса, тағы бір ғаламат қасиет оның алапат ақындығы мен аса биік композитор әншілігі деуге толық талассыз негіз бар. Жиі еститін:

«Сары арқа менің жерім-ай.

Сауықшыл, сайран елім-ай.

Ит жүгіртіп, құс салған,

Айдың да шалқар көлім-ай», – деп келетін терең сезімге бойлай толқытар әуен сарыны Иманжүсіптің туған жерге, оған деген ерен сығынышқа тола ет жүрек, ұшқыр көңіл естіледі Естледі де көзіңе жас үйіріліп, сахара санлағының ерке желмен қосыла еркін

жүйткіген ерлік пен серілікке толы беймарал тірлік халінен елес береді. «Сауықшып, сайран ел» тұрмысының келмеске кеткен сұлу сипатын алдына тартып сені де Иманжүсіп өзімен серіктес, қанаттас қалыпта өткен дәуір көшіне әкеліп қосып кетеді. Өттең, мұның бәрі мұңға оралған есіл арман, ескіріп, естен шыққан елес қой.

Ерейментау өңірі қазақтың құт қонып, нар шөккен, тарихы текше-текше қаланған көк қасқа тастарының қатпарында қалып қойған ғажап сыр мен жыр бөккен киелі жер ғой. «Ақылдың үйі» атанған қанжығалы қарт Бөгенбай, жезтаңдай жырау Үмбетей, Сақұлақ шешен мекендеген осы өлке Имекеннің арман-аңсары, ала бөтен сағынышы болған. Осы өңірде еркін сайрандап, саятшылық құрған Иманжүсіп өз өлеңінде:

Басыңа бүркіт алып шығар едім,

Көзіме бір көрініш Ерейментау», – деп толғана келіп, сағыныш әніне қосқан.

Имекеннің өлең толғауларында Баянауыл, Қызылтау, Есіл, Нұра, Аюлы, Нияздың Қаракөлі, Күйгенжар, Бота Қара, Бұғылы, Тағылы, Шағанатау, Қараөткел, Ақтау, Ортау, Сарысу, Көктің көлі деген жер, су, тау-тас атаулары жиі кездеседі. Және осылардың бәрінде күрескер ақынның сары тап сағынышы, естен кетпес ерекше сүйіспеншілігі бар. Бүгінгі біздер де осы жерлерде Иманжүсіп Құтпанұлының табан табы қалған, жанына дауа, көңіліне қанат байлаған құт мекендер-ау дейсің. Дейсің де ақын қиялымен қанаттаса ілесіп, осы мекендерді шарлайсың, ойша кезіп кетесің. Өттең, бәрі арман, бәрі жалған екен деп күйнесің, күйзелесің.

«Көлденең кун батыстан аққан Нұра,

Өзен көп оған құйған қанша жыра.

Көдең мен Сарыарқаның бетегесі,

Шөбің болған закуска, суың сыра», – деген тосын теңеулі тұсқа келгенде тосылып қаласың. Қазы, қарта жемейтін Имекен орыстың «закускасынан» дәм татып, сырасын сімірген екен-ау дегін келеді.

«Қырық мың жылқы су ішсе лайланбас,

Аюлы мен Нияздың Қара көлі», – деп жырлаған Иманжүсіп бұл күнде табандарын шаң басқан атышулы көлдерді көрсе не дер еді дейсін.

Иманжүсіптің ерлік пен серілікке толы өмір жолы Қараөткел, Ерейментау, Есіл, Нұрадан әрі асып, Арқа бойын асау толқындай аралай жайылып кетті. Жүрген жері, істеген ерен әрекеттері аңызға айналды. Әсіресе ояздың басын жарып, болыстарды «лақша бакыртып сабауы» жойқын бір істің тұрпаты бөлек тұлғасы ретінде ауыздан-ауызға тарап жатты. Балуан Шолақ, Қажымұқан тәрізді алып күштің иелері Имекеннің ғажап өнерін де, алапат күшін де мойындады, мойындатып қоймай аттан түсіп сәлем бергізіп, ерекше құрмет тұтқызды.

1927 жылы Сәкен Сейфуллин Иманжүсіпті арнайы іздеу салғызып, таптыртып алып, өзара сұхбаттасқан деген де дерек бар. Сәкеннің қазақ даласында есімі елге мәлім азаматтарды іздеп тауып, кеңес құрғаны, өнерін қызықтағаны оның ұлы тұлғаларды құрметтегені, реті келсе қамқорлығына алып, туған еліне қызмет етсін деген ізгі ниеттен туғандығы сөзсіз.

Осы орайда көрнекті ғалым Тұрсынбек Кәкішевтің «Иманжүсіп сияқты адамның қазақ әдебиетінің, өнерінің, музыка тарихындағы рөлін жарқыратып көрсетуі – біздің парызымыз» деген пікірі әлі де болса Имекенге қатысты құндылықтарды теріп ғылыми айналымға түсірмек түгілі, есімін қастерлеп, мұрасын аштырып, танып білуге қадам жасамай отырғанымыз көп жағдайды аңғартса керек. Демек Иманжүсіп мұрасы терең зерттеуді, тарихтағы өз орнына орнықтыруды аса қажетсінуде деген пікір білдіруге жетелейді.

«Иә, бәрі өтпелі, бәрі көшпелі.

Көкмойын атқа үкі тағып, көсілте желген Иманжүсіп тағдыры трагедиялық халде аяқталды. Әкесі Құтпан (1817–1905) Кенесары қозғалысына қатысып, ұлт азаттығы жолында жалғыз жанын шүберекке түйсе, ұлы атасы Тұрғынбай Сіргебаев (1794–1854) Қоқан хандығына қарсы күреске қатысып шаһит кешті. Иманжүсіп болса ес білгеннен көпірлердің отаршылдық озбырлығына қарсы атой салып күресіп, бодандық бұғауына көнбеді. Советтік дәуірде де озбырлық пен қорлыққа мойынсұнбай большевиктермен бітіспес күреске шықты. Мойынқұм көтерілісіне қатысып, төтен ерлікке барды. Тұтқынға түсіп атылып кетті.

Есіл ердің еркіндікті аңсап, азаттықты көксеген алып жүрегі өз соғысын тоқтатты. Сонында «Сары Арқа», «Сары мойын», «Ерейментау», «Сары бел», «Бұғылы-Тағылы», т.б. әндері қалды. Әнмен әлдиленген өлмес рухы қалды. Рухын биіктеге түсер аңызға бергісіз ғажап елесті бейнесі Ерейментау шоқыларын мәңгілік шарлай берері сөзсіз.

Қазақстан өз тәуелсіздігінің 35 жылдығына қадам басты. Бұл бабалар аңсары, аталар арманы еді. Солардың қатарында басын оққа байлаған Иманжүсіп Құтпанұлының тұрғандығы даусыз. Ендеше, бүгінгі Астана, кешегі Қараөткел өзінің күрескер ұлы перзентін қалайша ұмытпайды деген сауал саласын.

Өйткені, сұңғыла қаламгер Әбіш Кекілбай атап көрсеткендей: «Өткен ғасырымыздың руханият әлеміндегі қаһарман тұлғалардың бірегейі – Иманжүсіп. Ол бар болмыс білімімен ұлы суреткер, асқақ рухты күрескер, кемел композитор».

Олай болса, Иманжүсіп Құтпанұлының да Астана төрінде өзінің Көкмойын тұлпарымен тас тұғырдың үстінде сәулет шырайы артқан асыл қаланың бүгінгі келбет-кескініне сүйсіне көз салып тұруы керек-ақ қой дейсін. Бұл ұлы рухты күрескер азаматқа бүгінгі ұрпақтың шынайы алғысындай қабылданары ақиқат...

А. ҚАЗЫБАЙ.

Құттықтау



Целиноград ауданы бойынша мемлекеттік Кірістер басқармасының ұжымы Қазақстан Республикасының Ұлттық теңгесі күнімен және қаржы саласының барлық қызметкерлерін төл мерекелерімен шын жүректен құттықтайды.

Осы орайда Целиноград ауданы бойынша мемлекеттік Кірістер басқармасының салық төлеушілермен жұмыс жөніндегі басшысы Ғұмарова Сәуле Имантайқызын «Қаржы саласының үздігі» төсбелгісіне ие болуымен ерекше құттықтаймыз.

Ғұмарова Сәуле Имантайқызы жұмыс барысында өзін сауатты, абыройлы, жауапкершілік қырынан танытып, кәсіби шеберлігін паш ете білді. Өз міндеттерін орындау барысында белсенділік танытып, әрбір іске шығармашылық тұрғыдан келеді. Ұжым арасында сыйлы, беделді. Қазақстан Республикасының заңдылығын жетік біледі және күнделікті жұмыста іскерлікпен басшылық етеді.

Бұл марапат оның осы абыройлы еңбегіне, жоғарғы кәсіби біліктілігіне берілген лайықты құрмет деп білеміз.

Хабарланыру

«Элит Строй Астана» ЖШС 2025 жылғы 28 қарашадан бастап 10 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи ресурстар жөніндегі ұлттық деректер қорының экологиялық порталында (<https://ndbecology.gov.kz>) қоғамдастық тыңдаулар қоғамдық талқылаулар түрінде өтетіні туралы хабарлайды. Тыңдаулар Ақмола облысы, Целиноград ауданында орналасқан «Элит Строй» сазды жыныстар кен орнында жер қойнауын пайдалану операцияларының салдарын жою жоспарына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша өткізіледі.

Құжаттамамен танысуға, экологиялық порталда ұсыныстар мен ескертулер қалдыруға болады. (<https://ndbecology.gov.kz>)

Жобаның тапсырыс берушісі: «Элит Строй Астана» ЖШС.

ҚР, Ақмола обл., Целиноград ауд., Қабанбай батыр а.о., Қабанбай батыр а., көшесі Энергетиктер, үй 9, тел. 8-707-366-5058. БСН: 141140012641. Эл. пошта: n.abbassova@vdst.kz.

«Байзакова Л.М.» ЖК әзірлеушісі

Деректемелер: ҚР, Көкшетау қ., Сабатаев көшесі 82, қк. 336, тел. 8(7162)521585. Эл. пошта: koksheground@mail.ru

Әсер етуі мүмкін аумақ: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қызылсуат ауылы.

ЖАО - «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Көкшетау қаласы, Абай көшесі 89. Тел. 87162 (402807).

«Элит Строй Астана» ЖШС 2025 жылғы 28 қарашадан бастап 10 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи ресурстар жөніндегі ұлттық деректер қорының экологиялық порталында (<https://ndbecology.gov.kz>) қоғамдастық тыңдаулар қоғамдық талқылаулар түрінде өтетіні туралы хабарлайды. Тыңдаулар Ақмола облысы, Целиноград ауданында орналасқан «Элит Строй-2» шөгінді жыныстар (алевролиттер) кен орнында жер қойнауын пайдалану операцияларының салдарын жою жоспарына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша өткізіледі.

Құжаттамамен танысуға, экологиялық порталда ұсыныстар мен ескертулер қалдыруға болады. (<https://ndbecology.gov.kz>)

Жобаның тапсырыс берушісі: «Элит Строй Астана» ЖШС.

ҚР, Ақмола обл., Целиноград ауд., Қабанбай батыр а.о., Қабанбай батыр а., көшесі Энергетиктер, үй 9, тел. 8-707-366-5058. БСН: 141140012641. Эл. пошта: n.abbassova@vdst.kz.

«Байзакова Л.М.» ЖК әзірлеушісі

Деректемелер: ҚР, Көкшетау қ., Сабатаев көшесі 82, қк. 336, тел. 8(7162)521585. Эл. пошта: koksheground@mail.ru

Әсер етуі мүмкін аумақ: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қызылсуат ауылы.

ЖАО - «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Көкшетау қаласы, Абай көшесі 89. Тел. 87162 (402807).



Бас редактор
Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ

Меншік иесі:
«Перне» ЖШС
(Ақмола облысы
Целиноград
ауданы)

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі.
«Астана Интер-Трейддинг» ЖШС (Астана қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды.
Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат азаматтізін және желілік басылымды есепке қою туралы N 16264-Г Күәлігін 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Таралымы – 1000 дана. Тапсырыс-наряд N 226
Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.

Редакция әрбір автордың пікірімен келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға - берген кісілер жауапты.



Ақмол ауылы Гагарин көшесі, 2
8(716-51) 30-537

e-mail: vestiakmola@mail.ru

Сайт: vestiakmola.kz

